**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

<table>
<tr>
<td>«БЕКІТІЛГЕН»<br><br>«Академик Е.А. Бөкетов атындағы<br>Қарағанды университеті» КЕАҚ<br>Басқарманың шешімімен<br>Хаттама №9 «_24_» _05_ 2024 ж.<br>_______________ проф. Н.О. Дулатбеков</td>
<td>«БЕКІТІЛГЕН»<br><br>«Академик Е.А. Бөкетов атындағы<br>Қарағанды университеті» КЕАҚ<br>Директорлар кеңесінің шешімімен<br>Хаттама №5 «_21_» _06_ 2024 ж.</td>
</tr>
</table>

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**7М02302 - Қолданбалы филология**

**Деңгейі: Магистратура**

Қарағанды қ.
2024

# КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

## 7М02302 – ҚОЛДАНБАЛЫ ФИЛОЛОГИЯ<br>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қарағанды облысының
тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасы» ММ басшысы
___________С.М. Әбеуова
«_25_»_04_2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
Қарағанды облысының
тілдерді оқыту орталығы
директоры
___________ А.А. Игенова
«_25_»_04_2024 ж.

**7М023 «Тілдер және әдебиет» дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:**

– «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

– ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы

– Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері

– 2018 жылғы 13 қазандағы №569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы»

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» стандарты

– Қазақстан Республикасы 20.11.2023 ж. №591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіби стандарт.

## Мазмұны


| № | **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 5 |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі | 5 |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы | 5 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 5 |
| 5 | Оқу түрі | 5 |
| 6 | Оқу тілі | 5 |
| 7 | Берілетін дәреже | 5 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 5 |
| 9 | БЖХС бойынша деңгейі | 5 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгейі | 5 |
| 11 | СБШ бойынша деңгейі | 5 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының ерекшелігі | 5 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | |
| | ЖОО партнер (серіктес) | |
| 13 | Кадрларды дайындау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 5 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 5 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 5 |
| 16 | Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы | 5 |
| а) | Түлек лауазымдарының тізбесі | 5 |
| б) | Түлектің кәсіби қызмет саласы мен объектілері | 5 |
| в) | Түлектің кәсіби қызмет түрлері | 6 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 6 |
| 17 | Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 7 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау | 8 |
| 19 | Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 9 |
| 20 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН) | 15 |
| 21 | Түлек моделі | 16 |

**Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы – 7М02302 – Қолданбалы филология
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі – 7М02 – Өнер және гуманитарлық ғылымдар
3. Білім беру бағдарламаларының тобы – М060 Филология
4. Кредиттер көлеиі – 120
5. Оқу түрі – күндізгі
6. Оқу тілі – қазақ, орыс
7. Берілетін дәреже – «7М02302 – Қолданбалы филология» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылым магистрі
8. Білім беру бағдарламасының түрі – жаңа
9. БЖХС бойынша деңгейі – 7
10. ҰБШ бойынша деңгейі – 7
11. СБШ бойынша деңгейі – 7
12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі – жоқ
13. Кадрларды дайындау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі – KZ83LAA00018495 №16 28.07.2020.
14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі – жоқ
15. Білім беру бағдарламасының мақсаты – жоғары оқу орындарында, ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғылыми және кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті; лингвистика және әдебиеттану саласында зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын меңгерген; білім беру, мәдениет, басқару, БАҚ, мәдениетаралық коммуникация ұйымдарында және әлеуметтік-гуманитарлық саланың басқа да салаларында филологиялық білімді қолдануға қабілетті жоғары білікті филолог дайындау.
16. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы

а) Түлек лауазымдарының тізбесі
- ЖОО оқытушысы;
- ғылыми қызметкер;
- баспа, мәдени мекеме қызметкері.

б) Түлектің кәсіби қызмет саласы
- білім (орта, арнайы орта және жоғары оқу орындарының оқытушысы);
- мәдениет (мәдениет мекемелерінің қызметкері);
- ғылым (ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкері);
- баспа (баспагер, баспа өнімдерінің редакторы);
- бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде Интернет (газет, радио, теледидар, журналдардың редакциясы);
- білім беру саласындағы әкімшілік (орта, орта кәсіптік және жоғары білім бөлімдері);
- әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салалары (мәдениаралық байланыс және т.б.).

Түлектің кәсіби қызмет объектілері

- ЖОО;
- колледждер;
- ЖОО ғылыми-зерттеу орталықтары;
- ғылыми-зерттеу институттары.

в) Түлектің кәсіби қызмет түрлері

- ғылыми-педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу;
- білім беру-педагогикалық;
- педагогикалық-ұйымдастыру.

г) Түлектің кәсіби қызметінің функциялары

-жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында қазақ/орыс тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту;
- білім мекемелерінде оқу-әдістемелік педагогикалық үдерісті ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;
- баспа орындарында редактор, корректор болу;
- заң-құқық органдарында лингвистикалық сараптамашы болу;
- ішкі істер мекемелерінде тілші-корреспондент болу;
- лингвистика, әдебиеттану, фольклористика және текстология салаларында зерттеулер жүргізу;
- мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізу;
- ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асырады;
- білім беру-педагогикалық, басқару мекемелерінде, БАҚ-та, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа салаларында филология ғылымының қажетті саласына сәйкес кәсіптік қызметтерді жүзеге асыру.

## Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзыреттілік түрлері | Оқу нәтижесінің коды | Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке касиеттер: (Softskills) | ОН 1 | Қазіргі өмірдің өзекті мәселелерін шешуде философиялық көзқарас дағдыларын қолданады, кәсіби қызмет аясында қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени үрдістерді болжау және жобалау әдістерін қолданады. Кәсіби бағытталған шет тілін меңгерген. |
| | ОН 2 | Жоғары мектеп педагогикасы саласындағы өзекті мәселелерді анықтайды және шешімін ұсынады. Кәсіби коммуникацияны жүзеге асырады. Ғылыми сөйлеу мәдениетін меңгерген. |
| | ОН 3 | Педагогикалық басқару технологияларын меңгерген. Педагогикалық нысандардың қызметін жоспарлайды, ұйымдардың қызметін болжайды, әртүрлі деңгейлерде кәсіби коммуникацияны жүзеге асырады, педагогикалық ұжымның күшті және әлсіз жақтарын анықтайды. |
| 2. Сандық құзыреттер (Digital skills): | ОН 4 | Жаңа білім алу мақсатында ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асырады және осы білімді нақты басқарушылық жағдайларды сараптамалық бағалау үшін қолданады; цифрлық өнімдермен жұмыс істеу және цифрлық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгерген. |
| | ОН 5 | Педагогикалық процесті ұйымдастыруда іскерлік қарым-қатынас дағдыларын қолданады; рефлексивті оқытудың әдістері мен тәсілдерін, оқушылармен өзара қарым-қатынас жасау және олардың мінез-құлқын, оқу бағдарламаларын құрады, оқыту стратегиясы және сабақ өткізу дағдысын дамытады; ақпаратты өңдеуде электронды лингводидактика, машиналық оқыту және корпустық лингвистика дағдылары қалыптасқан. |
| 3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН 6 | Тілдің даму заңдылықтарын, оның тарихи ерекшеліктері мен қазіргі жағдайын біледі. Лингвистикалық ойлауды қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсінеді. |
| | ОН 7 | Әлеуметтік, этикалық және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, лингвистикалық ақпаратты талдайды және жүйелейді; макросинтаксистің қолданбалы аспектілерін, синтаксемалардың, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің, күрделі синтаксистік тұтастық пен мәтіндердің функционалдық-семантикалық ерекшеліктерін анықтайды. |
| | ОН 8 | Филология және пәнаралық гуманитарлық зерттеулер саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырады. Кітапхана қорларынан және электрондық ресурстардан ақпаратты таба білу, табылған ақпаратты ғылыми метрикалық көрсеткіштер бойынша бағалау; орыс және шет тілдеріндегі дереккөздерді пайдалана отырып, зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту. |
| | ОН 9 | Қазіргі заманғы әдеби үрдістердің жай-күйін талдайды, әдеби мәтіндерге сараптама жасайды, жариялауға ұсынылған мәтіндерге пікір жазады және түсініктеме береді. Зерттелетін тілдік және әдеби құбылыстарды ажыратады, Қазіргі тіл білімі мен әдебиеттанудың парадигмалық ерекшеліктерін анықтайды. |
| | ОН 10 | Жазу шеберлігі психологиясына қатысты білімді меңгерген, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әр түрлі эстетикалық құбылыстар туралы қоғамдық пікір қалыптастырады. Студенттердің оқу қызметін жоспарлау, өзіндік педагогикалық траекториясын құру дағдыларын қалыпастырады, лингвистикалық және әдебиеттану пәндерінің метатілін меңгереді. |

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1<br>ОН 2<br>ОН 3<br>ОН 5, ОН 6 | Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философия-тарихи аспектілері | Ғылым тарихы мен философиясы | 4 |
| | | Жоғары мектептің педагогикасы | 4 |
| | | Басқару психологиясы | 4 |
| | | Педагогикалық практика | 4 |
| ОН 1, ОН 2<br>ОН 6 | Кәсіби тілдер | Шет тілі (кәсіби) | 4 |
| | | Эволюциялық лингвистика<br>Диахрониялық лингвистика | 5 |
| ОН 9 | Дискурс және мәтін лингвистикасы | Дискурс теориясы<br>Мәтін және дискурс теориясы | 5 |
| ОН 10 | | Іскери дискурс негіздері<br>Құжат лингвистикасы | 5 |
| ОН 5<br>ОН 8<br>ОН 5, ОН 10 | Әдістеме және ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру | Рефлективті оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Библиография негіздері және ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру | 5 |
| | | Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі | 5 |
| ОН 7<br>ОН 9 | Коммуникативтік синтаксис мәселелері | Функционалды синтакис мәселелері<br>Макросинтаксис теориясы | 5 |
| ОН 1, ОН 2, ОН 4,<br>ОН 8, ОН 9 | Көркем ойлау формалары және риторика | Риторика негіздері<br>Іскерлік риторика | 4 |
| | | Қазақ әдебиетіндегі көркем ойлау формалары<br>Қазақ әдебиетіндегі текстология | 5 |
| ОН 6, ОН 9 | Коммуникативтік сөйлеу мәдениеті | Сөйлеу мәдениетінің ғылыми негіздері<br>Коммуникативтік сөйлеу мәдениетінің ұлттық сипаты | 5 |
| | | Кәсіби коммуникацияның филологиялық негіздері<br>Кәсіби коммуникация теориясы мен практикасы | 5 |
| ОН 4, ОН 8 | | Зерттеу практикасы | 14 |
| ОН 4, ОН 8 | Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Тағлымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ) | 24 |
| ОН 8, ОН 9 | Қорытынды аттестаттау | Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау | 8 |

## Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN п/п | Наименование дисциплин | Краткое описание дисциплины | Кол-во кредитов | Формируемые результаты обучения (коды) | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | PO 1 | PO 2 | PO 3 | PO 4 | PO 5 | PO 6 | PO 7 | PO 8 | PO 9 | PO 10 |
| Базалық пәндер циклы<br>Жоо компоненті | | | | | | | | | | | | | |
| D-1 | Ғылым тарихы мен философиясы | Ғылымның тарихын оқып үйрену негізінде ғылыми ойлаудың стилін жасау. Ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру.Курстың теориялық негіздерін оқып үйрену. Шетелдік және отандық ғылым әдіскерлерінің түпнұсқа және классикалық еңбектерімен сараптамалық жұмыс жасауды үйрену. Өзіндік және критикалық ойлауға үйренуге, кең ойлау және ашық ой сапаларын қалыптастыруға көмектесу. | 4 | + | | | | | | | | | |
| D-2 | Жоғары мектептің педагогикасы | Магистранттарға педагогикалық әрекеттің мәні мен құрылымы, жоғары мектеп оқытушысының тұлғасы және оның біліктілігіне қойылатын қазіргі талаптар туралы теориялық білім беру. Қазақстан Республикасындағы жоғары кәсібі білім беру жүйесі туралы теориялық білім беру.Қазіргі таңдағы жоғары білімнің негізгі даму бағыттары мен үдерістері туралы теориялық білім беру. | 4 | | + | | | | | | | | |
| D-3 | Басқару психологиясы | Басқару психологиясының негізгі түсініктері, теориялық жағдайлары және өзекті мәселелері. Басқару психологиясының теориялық ерекшеліктері. Басшының тұлғалық ерекшеліктері. Ұйымдағы басшы мен бағыныштылардың қарым-қатынас ерекшеліктері. Басқару психологиясының негізгі аспектілері. Іскерлік коммуникацияның психологиялық аспектілері, басқарудың мотивациялық аспектілері. | 4 | | | + | | | | | | | |
| Практика | | | | | | | | | | | | | |
| | Педагогикалық практика | Педагогикалық және зерттеу көпдеңгейлі оқыту жүйесіне сәйкес жоғары білімді маман дайындаудың ең негізгі бөлігін құрайды. Оқытудың аталмыш түрі магистранттар игерген теориялық білімі мен әр түрлі деңгейдегі колледжерде, университеттерде олардың өз бетімен жұмыс істеу үдерісін байланыстырады. Ол магистрантқа меңгерген білім қорын байытып, іскерліктері мен таңдаған мамандығы бойынша қалыптасқан дағдыларын жетілдіруге және дербес педагогикалық қабілеттерін арттыруға мейлінше қолайлы мүмкіншілік туғызады. | 4 | | | | | + | + | | | | |
| D-4 | Шет тілі (кәсіби) | Магистрант мамандығының пәндік саласында сөйлеу әрекеттерінің іскерліктері мен дағдыларын дамыту.Оқытылатын | 4 | + | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шетел тіліндегі базалық категориялылық-түсініктеме аппараты және кәсіби шет тілдік терминология. Кәсіби-бағытталған шетел тілінде мамандықтың пәндік саласына кіріспе. Шетел тілінде мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының сипаттамасы. Арнайы кәсіби- бағытталған материал және оны берілген кәсіби жағдаяттарда қолдану. | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклы<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | |
| D-5 | Эволюциялық лингвистика | Эволюциялық лингвистика – тілдің тарихи дамуында байқалатын заңдылықтарды зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл білімі пәні түрінде тіл жүйесінің тарихи дамуын зерттеу, тілдің даму үдерісімен байланысты қарастыру, тілдегі құбылыстардың шығу тегін, тарихи өзгерістері мен дамуын зерттеу оның қазіргі жағдайын, қыр-сырын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. | 5 | | | | | | + | | | | |
| D-6 | Диахрониялық лингвистика | Диахрониялық лингвистика арқылы ғылым мен мәдениет тарихындағы тіл туралы білімнің дамуына, оның теориялық мәнін түсінуге, жалпы тіл туралы тілдің шығу тегіндегі теориялар мен тұжырымдарды, ағым-дәстүрлерді, бағыттар мен мектептерді талдауға арналған зерттеулер жасауға мүмкіндік жасалады, тіл туралы ілімнің даму үдерісін айқындайды. | | | | | | | + | | | | |
| D-7 | Дискурс теориясы | «Дискурс теориясы» пәнінде дискурс терминнің дефинициясы,түрлері, т.б. секілді қазіргі кездегі өзекті мәселелер айтылады. Дискурс теориясыпәнінде қарастырылатын мәселелелер: мәтін мен дискурстың арақатынасы; дискурс түрлерін ажырату мен тіл мәдениеті проблемасымен сабақтастығы; прагмастилистика мен мәтіннің прагматикасы мәселелерін анықтаудағы дискурс мәселелері; кинодискурс мәселелері; дискурстың просодикасы; тілдік тұлға мен дискурс арақатысы проблемалары және дискурстық талдау мәселелері. | 5 | | | | | | | | | + | |
| D-8 | Мәтін және дискурс теориясы | «Мәтін және дискурс теориясы» пәнінде мәтіннің құрылымы, семантикасы, дускурс түрлері, мәтін және дискурс айырмашығы, т.т. мәселелер сөз етіледі. Мәтін және дискурс теориясына қатысты ғалымдардың пікірлері сараланады. Мәтін ғылымдағы интеграциялық үдерістер тұрғысынан сипатталады. Жаңа парадигмаға сәйкес мәтінавтор-мәтін-оқырман үштағаны негізінде талданады. Тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі, т.б.) мәтінде трансформациялануы, үйлесуі, тіркесу қабілеті, т.б. қарастырылады. | | | | | | | | | | + | |
| D-9 | Іскери дискурс негіздері | Іскери дискурс негіздері пәні іскери дискурстың негізгі сипатын, іскери құжат түрлерін, ережелері мен қағидаларын, мен оларды жүргізудің әдіс-тәсілдерін қарастырады. Институционалды дискурстың бір жанры болып есептелетін іскери дискурстың спецификасы мен оған тән сипаттамалары беріліп, оның бірнеше типтік белгілері сипатталады. Іскери дискурсқа берілген ғалымдардың анықтамалары келтіріліп, іскери дискурстың | 5 | | | | | | | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көпқырлылығы атап өтіледі. | | | | | | | | | | | |
| D-10 | Құжат лингвистикасы | Құжаттану пәні іс қағаздарын жүргізудің өзіндік жүйесін, қалыптасқан ережесін, дайындалу тәртібін, іс қағаздарын жүргізу негіздерін, басқа пәндермен байланысын, теориясы және жазба практикасын қарастырады. Пән магистранттардың теориялық білімі мен тәжірибелік дағдысын тереңдетіп, іс қағаздарын жүргізуге байланысты іскерлігін қалыптастырады. Қоғамдық институт негізінде мәселелерді шешуге, уағдаластыққа қол жеткізуге және адресатқа тілдік ықпал етуге бағытталған қарым-қатынасты реттеуге бағытталады. | | | | | | | | | | | + |
| Кәсіби пәндер циклы<br>ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | |
| D-11 | Рефлективті оқыту әдістемесі | Рефлективті оқыту әдістемесі аясында рефлективті сабақ беруге дағдылану, оқытудың дамуы, сабақ берудің сапасын көтеру жолдары, тиімді оқыту мен сабақ берудің негізі, оқытуға жағдай жасау, оқыту ортасын қалыптастыру, оқушылармен қарым-қатынас жасау, білім беру үшін оқыту, оқыту бағдарламасын жүзеге асыру, тиімді стратегиялардың жасалуы, нәтижені терең талдау, оқушы үлгерімін бағалау жолдары, білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету жолдары, білімді тереңдету тәрізді мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | | + | | | | | |
| D-12 | Библиография негіздері және ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру | Пәннің мақсаты мен міндеттері - арнайы әдебиеттер, рефеоративті журналдар, анықтамалық әдебиеттер, мамандық бойынша мерзімді баспасөздер материалдарымен таныстыру. Библиографиялық карточка, картотека, каталогтар, көрсеткіштермен жұмыс істеуге үйрету. Тіл теориясындағы шешімдерді қазақ тіл білімі арқылы жүзеге асыруға ұмтылу; тілдік айғақтарды теориялық тұрғыдан бағалауға үйрену. Магистрантарды ғылыми және шығармашылық жұмысқа, үйретіп дағдыландыру. | 5 | | | | | | | | + | | |
| D-13 | Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі | Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін білу, Отандық және әлемдік әдістемемен байланысын, ара-қатынасын түсініп, ғылыми-практикалық тұрғыда түсінік беріледі. Педогогикадағы әдістемелік бағыттарды білу. Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесінде оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, ұстанымдар, оқытудың формалары мен түрлерін меңгеру ерекшеліктері қарастырылады. | 5 | | | | | + | | | | | + |
| Кәсіби пәндер циклы<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | |
| D-14 | Функционалды синтакис мәселелері | Функционалды тіл білімі – тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін сипаттайтын бағыттар мен көзқарастардың жиынтығы.Функционалды грамматика тілдің дәстүрлі жүйесінің негізін нысанаға ала отырып, сөйлеу процесінде сөйлеу актілері | 5 | | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D-15 | | бойынша қандай функция атқарады немесе атқарып тұр деген мәселені тануға, соны оқып-үйретуге, меңгеруге талап қояды. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарын, жұмсалымдық бағыттың ерекшеліктерін, тілді функционалдық тұрғыда зерттеудің қазіргі ұстанымдарын қарастырады. | | | | | | | | | | | |
| | Макросинтаксис теориясы | Пәннің мақсаты –ойды аяқтайтын сөйлем емес, мәтін екендігіне назар аудару, күрделі синтаксистік тұтастық мәселелерін, мәтінтүзімдік құралдарды синтаксистік тұрғыдан қарастыру.Пәнді оқыту барысында мәтінге тән белгілер, мәтінтүзімдік құралдар, сөз таптары, оның ішінде, есімдіктердің, шылаулардың, сан есімдер мен үстеулердің мәтін байланыстырудағы қасиеттері, толымсыз, атаулы сөйлемдердің мәтін байланыстырушылық қасиеті, синонимдердің, қайталаулардың мәтінге қатысы тәрізді мәселелер қарастырылады. | | | | | | | | | | + | |
| D-16<br>D-17 | Риторика негіздері | Риторика негіздері аясында риториканың ғылым ретіндегі сипаты, мазмұны және құрылысы, риторика ұғымы және оның тіл жүйесіндегі орны, риторика тарихы, риториканың негізгі заңдары мен ережелері, шешендік өнер және риторика, шешендік өнер мен риториканың ұғымдық айырмасы, сөз мәдениеті және көпшілік алдында сөз сөйлеу шеберлігі тәрізді мәселелер қарастырылады. | 4 | | | | | | + | | | | |
| | Іскерлік риторика | Риториканың қалыптасу және даму тарихы. Магистранттардың болашақ маман ретіндегі іскерлік риторикасы және сөйлеу тәртібі. Қазіргі жалпы риторика заңдары. Коммуникативтік ынтымақтастықтың принциптері. Жария сөз сөйлеудің құрылымы. Дәлелді сөйлеу: жалпы сипаттамасы, түрлері, тактикасы. Риторикалық идеал, іскерлік сөйлеу мәдениеті. Маманның кәсіби қызметіндегі риторикалық мәдениет. Сөйлеу мәдениеті және оның іскерлік қарым-қатынастағы рөлі. Сөйлеу этикеті. Іскерлік қарым-қатынастың психологиялық аспектілері. | | | | | | | | | | + | |
| D-18<br>D-19 | Қазақ әдебиетіндегі көркем ойлау формалары | «Қазақ әдебиетіндегі көркем ойлау формалары» пәні қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылым иприниптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу, білім алушылардың рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсерінпайымдауға үйретеді. Әдеби процесс пен көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, түсіну және оның көркемдік-эстетикалық даму жолдарын пайымдау. | 5 | | | | | | + | | | | |
| | Қазақ әдебиетіндегі текстология | «Қазақ әдебиетіндегі текстология» пәні қазақ әдебиеті тарихындағы текстологиялық жұмыстар Абай шығармаларын жарыққа шығарып, халыққа тарату кезеңінен басталғанын және ғылыми айналымы туралы. Сонымен қатартекстологиялық жұмыстарды көне дәуір текстологиясы, ортағасырлық текстология, халық ауыз әдебиеті текстологиясы, шығыс әдебиеті | | | | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | текстологиясы және жаңа заман әдебиеті текстологиясы деп қарастырып, ғылыми негіздемесін пайымдайды. | | | | | | | | | | | |
| D-20 | Сөйлеу мәдениетінің ғылыми негіздері | Курста сөйлеу мәдениеті түсінігі, нормативі, этикалық және коммуникативті аспектісі, сөйлеу мәдениетінің талаптарын ұстану арқылы ақпаратты ауызша және жазбаша жеткізе білу жолдары қарастырылады. Пәнді оқу нәтижесінде магистрант: сөйлеу мәдениетінің нормасын меңгереді; сөз этикетінің табиғатын түсінеді; қатысым процесі кезінде этикеттік мәнге ие тілдік бірліктерді орынды қолдануға дағдыланады. | 5 | | | | | | + | | | | |
| D-21 | Коммуникативтік сөйлеу мәдениетінің ұлттық сипаты | Курста коммуникативтік сөйлеу мәдениетінің негізгі мәселесі, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымы, тілдік құралды мәдениетті сөйлеуде дұрыс қолдану білу заңдылығы қарастырылады. Бұл курс магистранттардың коммуникацияда сөйлеу мәдениетінің ұлттық сипатын қалыптастыруға көмектеседі. Сөйлеу мәдениетінің ғылыми-теориялық негізін меңгертуге, болашақ мамандарды әдеби тілдің нормасын сақтап, сөзді орынды қолданып, айтар ойын көркем, айқын әрі әсерлі етіп жеткізе білуге баулиды. | | | | | | | | | | + | |
| D-22 | Кәсіби коммуникацияның филологиялық негіздері | Кәсіби коммуникацияны филологиялық қамтамасыз етудің теориялық негіздері: филологиялық қамтамасыз ету адами қарым-қатынастың негізі ретінде. Кәсіби қарым-қатынастың түрлері мен деңгейлері, әртүрлі коммуникациялардың заманауи тұжырымдамалары, кәсіби дайындық жүйесіндегі коммуникативті құзыреттілік. Іскерлік қарым-қатынасты филологиялық қамтамасыз ету: жазбаша және ауызша коммуникация: түрлері мен функциялары. Мәдениаралық коммуникация. | 5 | + | | | | | | | | | |
| D-23 | Кәсіби коммуникация теориясы мен практикасы | Кәсіби коммуникация коммуникативистикадағы жаңа бағыт ретінде. Кәсіби қарым-қатынас теориялары мен модельдері. Жазбаша іскери қарым-қатынас. Іскерлік ауызша жанрлар. Бейвербалды іскерлік қарым-қатынас. Мәдениаралық коммуникация. Мәдениетаралық коммуникацияның қалыптасуы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны. Мәдениаралық қарым-қатынас түрлері. Лингвистикалық зерттеулер мен сараптамалар кәсіби қызмет нысаны ретінде. Редакторлық қызметті филологиялық қамтамасыз ету. | | | + | | | | | | | | |
| Практика | | | | | | | | | | | | | |
| | Зерттеу практикасы | Магистрант диссертация жұмысының тақырыбын аша білуі, оны талдап, баяндай білуі, зерттеу жұмысын жазу барысында қолданылған атау, ұғым терминдердің анықтамаларын түсіндіре біледі. Іс-тәжірибеден өту барысында жиналған зерттеу жұмыстарын, мәліметтерді талдап және жүйелеп, белгілі бір теориялық тұжырымдар жасауы жұмыстарын жоспарлай білуді, топтастыруды және қорытындылай білуді игереді. | 14 | | | | + | | | | + | + | |
| Ғылыми-зерттеу жұмысы | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тағлымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қоса есептегендегі магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы | Диссертациялық зерттеуде филология ғылымының қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін пайдалану, нақты практикалық ұсыныстарды тұжырымдау және дәйектемелеу, міндеттерді өз бетінше шешу, компьютерлік технологияларды қолдана отырып мәліметтерді өңдеу және интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалану. Ғылыми материалдарды жүйелеп, тілдік материалдарды жинап, тұжырым жасауға дағдылану. | 24 | | | | + | | | | + | | |
| Қорытынды аттестаттау | | | | | | | | | | | | | |
| | Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау | Магистрант өзінің білім деңгейіне байланысты тақырып таңдай білуі, тақырып бойынша қарастырылатын сұрақтарға өзінің көзқарасымен жауап қайтару, әртүрлі пікірлерді жан-жақты ашып көрсету және өзінің осыған қатынасын қалыптастыра білуі керек. Өздік жұмысты жүргізу қабілеттілігін арттыру және диссертация жұмысын орындау барысында қарастырылатын сұрақтар мен мәселелерді шешуде қажетті зерттеу әдістемелерін игереді. | 8 | | | | | | | | + | + | |

## Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

| Результаты обучения | Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН) | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 5, ОН 6 | Қазіргі өмірдің өзекті мәселелерін шешуде философиялық көзқарас дағдыларын қолдана білу, кәсіби қызметте қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени үдерістерді болжау және жобалау әдістерін қолдана білу. | Интерактивті дәріс | Тест, тәжірибе туралы есеп |
| ОН 1, ОН 2, ОН 6 | Дыбыстық ркецепция мен шет тілінің кәсіби сөйлеу жүйесін меңгеру. Шет тілін іскерлік қарым-қатынас және әлеуметтік ұтқырлық құралы ретінде еркін пайдалану қабілетін қалыптастыру. | Кейс әдісі | Коллоквиум |
| ОН 9, ОН 10 | Қазіргі заманғы ғылымдар жүйесіндегі тіл және әдебиет теориясын, лингвистикалық және әдебиеттану ғылымы теориясының одан әрі дамуының негізгі перспективаларын білу; лингвистика және әдебиеттану саласындағы білімді пайдалана отырып, кешенді, оның ішінде пәнаралық зерттеулерді тұтас жүйелі ғылыми дүниетаным негізінде жобалау және жүзеге асыру қабілеті. | Жобалық оқыту | Презентация |
| ОН 5, ОН 8, ОН 10 | Өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және диссертация мазмұнына қойылатын белгіленген талаптарды қанағаттандыратын ғылыми нәтижелер алу қабілеті; ҒЗЖ жоспарлау, жүргізу әдістерін, тұжырымдар мен ұсынымдарды тұжырымдау әдістерін меңгеру; қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді сыни талдау және бағалау әдістерін білу. | Талқылау, дөңгелек үстел | Жоба қорғау |
| ОН 7, ОН 9 | Қазақ/орыс тілін, макроинтаксистің қолданбалы аспектілерін оқыту үшін қажетті функционалдық синтаксис саласындағы білімді меңгеру; синтаксистің функционалдық-семантикалық ерекшеліктерін, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, күрделі синтаксистік тұтастық пен мәтіндерді анықтай білу; тіл мен сөйлеу фактілерін функционалдық-коммуникативтік парадигма тұрғысынан түсіндіре білу. | Дөңгелек үстел | Портфолио |
| ОН 1, ОН 2, ОН 4, ОН 8, ОН 9 | Әдеби-көркем материалға оның тарихи дамуындағы текстологиялық, деректанулық, эстетикалық-филологиялық көзқарас дағдыларын меңгеру, поэзия, драматургия және проза шығармаларындағы текстологиялық және көркемдік тәсілдердің, олардың әртүрлі жанрларының функцияларын анықтау; мәтіндермен, текстологиялық дереккөздермен жұмыс істеу ережелерін меңгеру. | Интерактивті дәріс | Тест |
| ОН 4, ОН 6, ОН 8, ОН 9 | Сөйлеу этикетінің нормалары (кәсіби және тұрмыстық қарым-қатынаста тілдік құралдарды пайдалану); әртүрлі функционалды стильдегі мәтіндерді құру және өңдеу дағдылары; оқу және кәсіби қызметте ана тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынастың әртүрлі нысандары мен түрлерін пайдалану. | Дөңгелек үстел | Портфолио |
| ОН 4, ОНО 8 | Теориялық және практикалық маңызы бар және жаңа ғылыми негізделген теориялық және эмпирикалық нәтижелері бар, теориялық тұжырымдар негізделген немесе ғылыми проблеманың шешімі берілген дербес диссертациялық зерттеу жүргізу білігі. Ғылыми-зерттеу қызметінің әдіснамалық негіздерін меңгеру дағдылары. | Ғылыми дискуссия | Ғылыми мақала жазу |
| ОН 8, ОН 9 | Филологиялық зерттеу әдіснамасы мен әдістерін, филология ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеу мәдениетін, оның ішінде ақпараттық және коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып меңгеру; филологиялық зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, олардың қолданылу шекарасын бағалау қабілеті. | Ғылымия дискуссия | Диссертация жазу және қорғау |

## Түлек моделі

## Магистратура түлегінің атрибуттары

Тілдік білім беру саласындағы жоғары кәсібилік
Жаһандық үдерістерге бейімделу және бәсекеге қабілеттілік
Тілдер мен мәдениеттер арасында толерантты және икемді делдал болу мүмкіндігі
Кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі дербестік
Коммуникабельділік
Академиялық адалдық мәдениетін түсіну
Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайындық

| Құзыреттілік түрлері | Құзыреттіліктер сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | Қазақ/орыс/ағылшын тілдерін, қоғамның даму үрдістерін білу, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлай білу, креативті ойлай білу, басқа ұлттың мәдениетіне, дәстүрлеріне төзімділік таныта білу, белсенді өмірлік ұстанымға ие болу; мамандық бойынша тез жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін білім беру саласында жұмыс күші нарығында кәсіпкерлік пен бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, оқу және кәсіптік практикадан өту үдерісінде теориялық материалды тиімді бекіту дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде жеке тиімді жұмыс істей білу және топ мүшесі ретінде жұмыс істей білу; өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіру және дамыту; үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту және жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігін түсіну, жинақталған тәжірибені қайта бағалау, өз мүмкіндіктерін талдау. |
| 2. Сандық құзыреттер (Digital skills): | Диссертациялық зерттеуде филологияның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін пайдалану дағдыларын меңгеру, нақты практикалық ұсыныстарды тұжырымдау және дәлелді негіздеу; компьютерлік және интернет-технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың қазіргі заманғы әдістерін, қазіргі филологиялық зерттеулерде компьютерлік технологияларды қолдану әдіснамасы мен әдістемесін білу; деректерді жинау, сәйкестендіру, сақтау, өңдеу және визуалдау, әртүрлі тілдердің электрондық корпустарын құру үшін цифрлық технологияларды пайдалану; цифрлық медиаконтентті, графикалық контентті, мультимедиалық контентті өндіру, интернет-кеңістік үшін мәтіндердің әртүрлі түрлерін жасау. |
| 3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills) | Дәстүрлі әдістер мен қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тілдік және әдеби фактілерді жинау мен талдаудың базалық дағдыларын меңгеру; негізгі оқытылатын тіл (тілдер) мен әдебиеттің теориясы мен тарихы, коммуникация теориясы, филологиялық талдау және өзінің ғылыми-зерттеу қызметінде мәтінді түсіндіру саласында алынған білімді қолдану; ғылыми-зерттеу қызметінің әдіснамалық негіздерін меңгеру, жүргізілетін зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми шолулар, аннотациялар, рефераттар мен библиографиялар құрастыру дағдылары, библиографиялық сипаттау тәсілдері; негізгі библиографиялық дереккөздер мен іздеу жүйелерін білу; коммуникацияның әртүрлі салаларында қабылданған коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды, риторикалық, стилистикалық және тілдік нормалар мен әдістерді білу және меңгеру; мәтіндердің әртүрлі типтерін (негізінен, ғылыми және публицистикалық, сондай-ақ құжаттар) шет тілдерінен және шет тілдеріне аудару; құжаттарды, ғылыми еңбектер мен көркем шығармаларды аннотациялау және рефераттау. |

**Құрастырғандар:**
Жұмыс тобының мүшелері:

| | |
|---|---|
| Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі | С.А.Кенжеғалиев |
| Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры | Ж.Д.Рапишева |
| 2-ші курс магистранты | А.Сатыбалдина |
| «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ басшысы | С.М.Абеуова |
| Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы директоры | А.А. Игенова |

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесі отырысында қарастырылды «27» 04 2024 ж. Хаттама № 9
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды «29» 04 2024 ж. Хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «24» 05 2024 ж. Хаттама № 8

| | |
|---|---|
| **Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор** | **М.М. Умуркулова** |
| **Академиялық жұмыс департаментінің директоры** | **Т.М.Хасенова** |
| **Факультет деканы** | **Е.Е.Түйте** |